**2-апта (4 – 8 сәуір, 2022 жыл)**
**№10 «Құлыншақ» ересек топ**

**Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»**
**Апталық тақырып: «Ас атасы нан»**
**Мақсаты:** Әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін бекіту. Еңбек және оның маңыздылығы туралы білім беруді жалғастыру, мамандыққа қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен карауға тәрбиелеу.

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 04.04.2022ж** | **Сейсенбі 05.04.2022ж** | **Сәрсенбі 06.04.2022ж** | **Бейсенбі 07.04.2022ж** | **Жұма 08.04.2022ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен амандасу,тазалықтары мен дене қызуы мен жарақаттары жоқ па тексеріп,қабылдау демалыс күндері қалай өткізгендерін сұрау, әңгімелесу. | | | | |
| **Ата – аналармен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналар мен амандасып, балалардың көңіл күйлері туралы сұрау,кешікпей келулерін ескерту. | | | | |
| **Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)** | **Психологиялық жаттығу** Сабындадық құлақты, атқан шақта жаңа таң. Міне, қандай қолымыз, міне қандай алақан. Соқтық, міне, алақан, аяғымыз билейді. Қуанғанда алақан алақанға тимейді. | **Саусақ жаттығуы.** **Мақсаты:** саусақ маторикасын дамыту,тілін жаттықтыру | **Дидактикалық ойын:** "Еңбек құралдарын ата" **Мақсаты:** ойлау қабілетін жетілдіріп, жұмбақ шешуін табуға үйрету. | **Қимылды ойын:** **"Себетке түсіру"** **Мақсаты:** Допты лақтырған кезде дәл тигізуге үйрету. Баланы мергендікке, жылдамдыққа кеңістікте бағдарлауды дамыту. | **Санамақты үйрету.** **Мақсаты:** Тілдерін жетілдіру, санамақты жаттау, есте сақтау қабілетін жетілдіру. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жаттығу кешені «Әуен ырғағымен»** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақты төкпей,ұқыпты ішуге үйрету. Үстел басында дұрыс отыруға, жанындағы балаларға кедергі болмауды ескерту. Тамақтанып болған соң "алғыс" айтуға үйрету. | | | | |
| **Ұйымдастырыған оқу – қызметіне дайындық** | **Қимылдық ойын:** "Кім шапшаң?" **Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке үйрету. | **Санамақты үйрету.** **Мақсаты:** Тілдерін жетілдіру, санамақты жаттау, есте сақтау қабілетін жетілдіру. | **Дидактикалық ойын:** "Нені қайда қоямыз?" **Мақсаты:** Әр заттың өз орны бар екенін айтып түсіндіру. ойнату. | **Дидактикалық ойын:** "Ғажайып қалта" **Мақсаты:** сезім мүшелері арқылы заттарды ажырататa білуге үйрету. | **Сурет бойынша әңгімеле**: "Менің сүйікті мамандығым" **Мақсаты**: сөздік қорын молайту,байланыстырып сөйлеуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **«Қатынас»**<br>**Орыс тілі Тема: «Продукты питания»**<br>**Цель:** Продолжать обогащать словарь детей лексическим материалом по теме, учить отвечать на вопросы полным предложением, правильно употреблять глаголы и прилагательные. Совершенствовать звукопроизношение. Развивать словесно-логическое мышление, воображение, связную речь, умение согласовывать речь с движениями.<br>Воспитывать у детей бережное отношение к продуктам питания.<br><br>**«Шығармашылық»**<br>**Сурет салу Тақырыбы: «Дәмді тоқаш»**<br>**Мақсаты:** Балаларға "Ас атасы нан" туралы түсінік беру. Нан бізге қайдан келді? түсіндіріп өту және үлкен еңбекпен келетіні туралы түсініктерін жалғастыру. Шығармашылықпен байланыстыра дөңгелек пішінде тоқаш суретін салуға үйрету. Асты қадірлей білуге құрметтеуге тәрбиелеу. | **«Денсаулық»**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Дәмді тағамдар»**<br>**Мақсаты:** Балаларға ұннан жасалатын тағамдар туралы түсініктерін молайту.Доптың үстінен жеңіл басып,еденге қайтара соғу,допты алақанын жайып қағып алуды үйрету.Үш заттың үстінен біртіндеп секіру.екпінді итеріліп және бүгілген аяқпен жеңіл жерге түсе білуін бекіту.<br>**Қ\о:** Күн  мен түн»<br><br>**« Қатынас»**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: «Алтын дән мен әтеш»** (орыс халық ертегісін баяндау)<br>**Мақсаты:** Кейіпкерлердің өзара сөйлесуін көркем түрде қолдану арқылы ертегінің ішкі сырын, айтылу керек ой – түйсінін, мән – мағынасын бұзбай, байланыстыра баяндай білуге үйретуді дамыту.<br><br>**«Шығармашылық»**<br>**Музыка** | **«Денсаулық»**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Ас атасы нан»**<br>**Мақсаты:** Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу. 5см биіктіктегі заттың үстінен секіруге үйрету. Доптың үстінен жеңіл басып,еденге қайтара соғу, допты алақанын жайып қағып алуды бекіту.<br>**Қ\о:** «Допты қақпаға түсір»<br><br>**«Шығармашылық»**<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы: «Бауырсақтар, тоқаштар, печенье»**<br>**Мақсаты:** Балаларға нанның адам үшін маңыздылығын түсіндіру. Нанның бидайдан жасалатыны туралы түсінік беру. Нанның маңыздылығын, оның дастарханға үлкен еңбекпен келетінін түсіндіру. Ой-қиялдарын дамыта отырып, қол икемділіктерін жетілдіру.<br>Мүсіндеу тәсілдерін жетілдіруді | **«Шығармашылық»**<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Бауырсақ» (Ә. Бейсеуов.)<br>**Мақсаты:** Әнді қайталап, еске түсіріп, үйренген әндерді, билерді, ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жұптасу» биі<br><br>**«Таным»**<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Тәтті бөлкелер»**<br>**Мақсаты:** Үлгі бойынша санауға үйрету. Өзгеше орналасқан (шеңбер, сопақша) заттар тобын теңестіруді үйрету. Әртүрлі арақашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін аныңтау. Кеңістікте бағдарлауға үйрету. | **«Денсаулық»**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «Дәрігер»**<br>**Мақсаты:** Балаларға мамандық туралы айту. Жол тәртібін  әңгімелей отырып,бағдаршамның түстері туралы түсінік беру. Шеңбер бойымен жүрумен жүгіруді кезектестіру. Допты күштеп жұмулы алақанмен соғып,допты қос қолмен қайтара соға білуді бекіту.<br>**Қ\о:** "Бағдаршам"<br><br>**«Қатынас»**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Масақ» украин халық ертегісі**<br>**Мақсаты:** Балаларды оқылған шағын ертегі желісі бойынша ертегі мазмұнына айтып бере білуге үйрету.  Ертегі кейіпкерлерінің қимылын, дыбысын салдырып, кейіпкер бейнесін сомдау қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу, жалқаулыққа бой алдырмауға баулу<br><br>**Әдіс - тәсілі:** ойын,әңгімелеу, түсіндіру, қорытынды; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Әдіс - тәсілі:** ойын, әңгімелеу, сұрақ-жауап, қорытынды;<br>**Шаттық шеңбер:**<br>Күн шуағын жинаймын.<br>Достарыма сыйлаймын.<br>Күн жылуын аямасын,<br>Шуағымен аяласын.<br>Достық деген бәйтеректі<br>Барлық бала саяласын.<br><br>**Дид/ойын:** «Кім көбірек»<br>**Мақсаты:**балаларды ойлау қабілетін дамыту,заттың түрлерін анықтауға,оларға әр түрлі көзқараста қарауға үйрету.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Біз гүлдерше өсеміз,<br>Жапырағы жайқалған<br>Сабақтары салалы,<br>Желмен бірге ырғалған. | **Тақырыбы:**<br>«Бауырсақ»(Ә. Бейсеуов.)<br>**Мақсаты:** Балаларға нанның дастарханға қалай келетіндігін түсіндіріп, оған көптеген адамдар еңбек ететіндігін айтып, музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білуді үйрету.<br>Музыкалық – ырғақты қимыл: «Бәліш пісірейік» | жалғастыру, әдемілеу және толығырақ пішінді құру үшін бармақпен бағананың шетін дөңгелету және ұштау.<br><br>**«Таным» Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Дастарханға нан қайдан келеді?»**<br>**Мақсаты:** Дәнді дақылдарды өсіру туралы түсініктерін қалыптастыру, нан және оны пісіру туралы білімдерін кеңейту. Балалардың білімге құштарлығын, зерттеу әрекетіне ұмтылысын дамыту. Ересектердің еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу.<br><br>**Әдіс - тәсілі:** ойын,әңгімелеу, түсіндіру, қорытынды;<br><br>**Жүру барысы**<br>Шаттық шеңбер:<br>Шақырамын сендерді<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөгеленген шеңберді.<br><br>**Дид/ойын:** Балалардың шығармашылық қабілеттерін,тапқырлыққа, шапшаңдыққа | | **Шаттық шеңбер:**<br>Аспан ашық , көгілдір,<br>Күн шуағын төгіп тұр<br>Қол ұстасқан біздерді<br>Терезeмнен көріп тұр.<br>Пішіндер туралы түсінік жүргізу, жыл мезгілдерін қайталап сұрау.<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Бұл қандай пішін?»<br>**Мақсаты:** Геометриялық пішіндер туралы түсінік беру және олардың аттарын атап, түстерін ажырата білуге үйретеді.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Бойды сергек тік ұста,<br>Емін-еркін тыныста.<br>Оң қолыңды соз алға,<br>Қол ұшына қара да,<br>Үшбұрыш сыз ауада,<br>Сол қол босқа тұрмасын,<br>Шеңбер жасап тынбасын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | баулып,сөздік қорын дамыту.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай ағаштар,<br>Үп-үлкен боп өседі | | |
| **Серуенге дайынды** | Балаларды киімдерін өздері ретімен киюге, сөрелерін мұқият жинауға үйрету. Киімдерін оң-терісін, алды-артын дұрыс тани білуге үйрете отырып, бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу | | | | |
| **Серуен** | **1. Аспанды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балаларды көктемгі аспанды бақылай білуді жалғастыру. Аспан көктем мезгілінде ашық, әдемі түске боялғанын түсіндіру. Балалардың өлі және тірі табиғат арасындағы байланысты бақылай білуге үйрету.<br>**2.Еңбек:**<br>Серуен соңында далаға шығарған ойыншықтарды жинау.<br>**Мақсаты:** Балалардың еңбексүйгіштігін дамыту, ойнаған ойыншықтарын жинауға дағдыландыру.<br>**3.Қимылдық ойын:**<br>«Ұядағы торғайлар»<br>**Мақсаты:**<br>еңбексүйгіштікке баулу,табиғатты аялауға үйрету.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Ерасылға түстерді ажыратуға үйрету.<br>**Еркін ойындар.** | **1.Күнді бақылау.**<br>**Мақсаты:** Көктем мезгіліндегі күнді бақылау. Неге ұқсас екендігін түсіндіру. Балалардыңкүн туралы білімдерін кеңейте отырып сөздік қорын, тілін дамыту.<br>**2. Еңбек**:<br>Ойын алаңындағы тал сынықтарын жинау.<br>**Мақсаты:** Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу, бірлесіп еңбек етуге үйрету.<br>**3. Қимылдық ойын:**<br>«Ұядағы торғайлар»<br>**Мақсаты:**<br>еңбексүйгіштікке баулу,табиғатты аялауға үйрету.<br>**4. Жеке-жұмыс:**<br>Айсанадан ата-аналары қандай мамандық бойынша қызмет етеді туралы сұрау.<br>**Мақсаты:** ойлау қабілетін арттыру.<br>**Еркін ойындар.** | **1.Бұлтты бақылау.**<br>**Мақсаты:** Балаларды көктемгі бұлтты бақылай білуге жалғастыру, көктемде бұлттың қандай болатынын түсіндіру. Табиғатты өз беттерімен бақылай білуін жетілдіру. Бұлт туралы көркем сөз оқу, балалардың бұлт туралы білімдерін кеңейте отырып, сөздік қорын дамыту.<br>**2.Еңбек:**Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.<br>**Мақсаты:**Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу, бірлесіп еңбек етуге үйрету.<br>**3.Қимылдық ойын:**<br>«Аю апанында»<br>**Мақсаты:**Балаларды шапшаңдылыққа үйрету.<br>**4.Жеке-жұмыс:**<br>Арланға санамақ санату. | **1. Жолаушылар көлігін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Жолаушылар көлігін бақылау, балалардың көлік туралы түсінігін кеңейту. Оларға адамдарды адамдарға арналған көлік таситыны және олар арнаулы аялдамаларға тоқтайтыны туралы түсіндіру.<br>Жүргізушілерді отырғызып, түсіру тек қана арнайы аялдамаларда керектігі туралы түсінік беру.<br>**2. Еңбек:**<br>Тәрбиешімен бірлесе отырып ойын алаңындағы құмды жинауға үйрету.<br>**Мақсаты:** Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу, бірлесіп еңбек етуге үйрету.<br>**Қимылдық ойын:**<br>«Маған қарай жүгіріңдер»<br>**Мақсаты:** қимыл- | **1.Аула сыпырушының еңбегін бақылау.**<br>**Мақсаты:** аула сыпырушының еңбегін бақылау, балаларды ауланың ішін тазалап, сыпырып жинайтын аула сыпырушының еңбегі екенін түсіндіру.<br>Балалардан аула сыпырушының жаз мезгінідегі еңбегімен қыс мезгіліндегі еңбегін ажыратып айтуға үйрету.<br>Аула сыпырушы еңбек еткен, қар тазалаған кезде қолданатын құралдармен таныстыру.<br>Үлкендер еңбегін сыйлай білуге тәрбиелеу.<br>**2.Еңбек:**Аула сыпырушыға көмектесу.<br>**Мақсаты:**Балалар-ды аула сыпырушыға көмектесіп, ауланы таза ұстауға үйрету. Еңбек ету тәртібіне үйрету.<br>**3.Қимылдық ойын:**<br>«Кішкене маймылдар»<br>**Мақсаты:** қимыл- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Мақсаты**:есте сақтау қабілетін арттыру.<br>**5.Еркін ойындар.**<br>**Мақсаты:** достыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу. | қозғалысын арттыру.<br>**4. Жеке-жұмыс:** Аияға 1-5ке дейін тура,кері санауды үйрету.<br>**Мақсаты:** логикалық ойын жетілдіру.<br>**5. Еркін ойындар**<br>**Мақсаты:** татулыққа тәрбиелеу. | қозғалысын арттыру,ойын шартын түсініп ойнауға тәрбиелеу.<br>**4. Жеке-жұмыс:** Еділ мен Дариядан ата-аналары қандай мамандық бойынша қызмет етеді туралы сұрау.<br>**Мақсаты:** ойлау қабілетін арттыру.<br>**5.Еркін ойындар**<br>**Мақсаты:** бірлікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. |
| **Серуеннен оралу** | Қатармен жүріп әндетіп серуеннен топқа оралу. Сырт киімдерін шешіп ұқыпты шкафтарын жинау. Қолдарын сұйық сабынмен ұқыпты жуып сумен дұрыс шаюға дағдыландыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесін жүргізу. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау | | | | |
| | "Көбелектер"ертегісі мен ұйықтату. | Айналайын" әуенімен ұйықтату. | "Жәй әуенді ырғақпен ұйықтату | А.Қалаубаеваның "Ертегілер"әнімен ұйықтату. | "Маша мен аю"ертегісімен ұйықтату. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында әртүрлі жол бойымен жүру.<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.<br>**Ойын- жаттығу:** Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>Киімдерін ретімен киіп, шаштарын жинап реттелу | | | | |
| **Бесін ас** | Бесін асқа отырғызу: балаларды тамақтану кезінде партада дұрыс, қалыпты отыруға үйрету. жан-жағына қарамай тамақтануға дағдыландыру. алдарына берілген тамақтарын тауысып жеулерін қадағалау. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет.** | **Дидактикалық ойын :**<br>"Ғажайып қапшық"<br>**Мақсаты:** баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін | **Вариативтік компонент:«Тәрбие-тал бесіктен»**<br>**Тақырыбы:**<br>«Жайлауда» | «Жеті лақ» ертегісін көлеңке театры арқылы ойнату. | **Вариативтік компонент:«Өнерлі екен он саусақ»**<br>**Тақырыбы:** | **Дидактикалық ойын:**<br>"Не өзгерді?"<br>Ойынның мақсаты: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөздермен байыту | **Мақсаты:** Балаларды өлең жолдарымен таныстыра отырып,жайлау туралы түсініктерін кеңейту.Өлеңге деген қызығушылықтарын арттыра отырып,өз ойын ашық айтуға тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілі:**көрсету айту,түсіндіру, жұмбақтар,мадақтау, қортынды.<br><br>**Дидактикалық ойын:** "Не өзгерді?"<br>**Мақсаты**: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. | | «Әдемі кесе»<br>(Сурет салу)<br>**Мақсаты:** Балаларды түстерді ажарата білуге, ыдыстар туралы мағұлмат бере отырып, оның ішінде кесенің қандай ыдыс, не үшін пайдаланатыны туралы ұғым қалыптастыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>Шығармашылық ой-қиялдарын дамыту.<br>**Әдіс-тәсілі:**көрсету айту,түсіндіру, жұмбақтар,мадақтау, қортынды.<br><br>**Дид/ойын:** «Сиқырлы қоржын»<br>**Мақсаты:**Қоржынның ішіндегі заттардың пішінін түсінкөлемін айтуға үйрету. | Жыл мезгілі туралы әңгімелесу<br>«Көктем»(сурет қарастыру)<br>Мақсаты:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Арланға тілдегі барлық дыбысты таза айтуға жаттықтыру | Кәусармен отбасы туралы әңгімелесу. | Ерасылға шағын таппақты жатқа айтуға үйрету | Аданаға сурет бойынша таныс шығармалардың атауға үйрету | Бексұлтанға геометриялық пішіндерді атауға үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға киімдерінің жүгірмек, түймелерін салу кезінде көмек көрсете отырып, дұрыс киінулерін қадағалау. Аяқ киімдерінің бауларын байлауға, аяққиімдерін оң кие білуге үйрету. Балалардың жылы, дұрыс киінулерін қадағалау. | | | | |
| **Серуен** | **1.Кешкі ауа-райын бақылау.**<br>**Мақсаты:** табиғат құбылысын сезіну.<br>**2.Қимылдық ойын:** «Жалаушаға жет»<br>**Мақсаты:**шапшандылыққ | **1. Көктемгі ағашты бақылау.**<br>**Мақсаты:** ағашқа деген қамқорлық қатынасын қалыптастыру.<br>**2.Қимылдық ойын:** | **1.Тас жолды бақылау.**<br>**Мақсаты:** жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.<br>**2.Қимылдық ойын:** «Бағдаршам»<br>**Мақсаты:** қимыл- | **1.Күнді бақылау.**<br>**Мақсаты:** жылуын,жарығын сезінуге үйрету.<br>**2.Қимылдық ойын:** "Кім шапшаң?"<br>**Мақсаты:** | **1.Ғимараттарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** биік-аласа ұғымын бекіту.<br>**2. Қимылдық** ойын: "Кім шапшаң?"<br>**Мақсаты:** қимыл- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | а үйрету.<br>**3.Еркін ойындар.** | "Өз үйіңді тап!"<br>**Мақсаты:**ойынға қызығушылығн арттыру.<br>**3.Еркін ойындар** | қозғалысын арттыру.<br>**3.Еркін ойындар.** | шапшаңдылыққа үйрету.<br>**3.Еркін ойындар.** | қозғалысын арттыру.<br>**3.Еркін ойындар** |
| **Балалардың үйіне қайтуы.** | Ата-аналарға балаларымен сөйлеуін дамыту мақсатында жиі сөйлесіп, әңгімелесіп отыруға кеңес айту. | Балабақша тақырыбындағы тақпақты үйде де жаттатуды ата-аналарға айту.<br>Мақсаты: тілдерін дамыту | Балалардың тамақ ішу кезінде үстелде дұрыс отыруын қадағалауды өтіну. | Ата-аналарға үй жағдайында балаларына ұялы телефонды ұстатпауларын ескерту, кеңес беру. | Демалыс күндеріне сәттілік тілеу. |